

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар)	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі)	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы	98-106
Лингвистика және әдістеме	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагұлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары)	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация	210-217

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years)	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature)	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda»)	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev	98-106

Linguistics and methodics

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms)	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages)	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation	210-217

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы)	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности)	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда»	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Қулейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Магжана Жумабаева	98-106

Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Қожамқулова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация	210-217

FTAMP 17.07.41

Гулнұра Нуртаева¹, Айгүл Үсен²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ¹nurtaeva1985@inbox.ru, ²aierke0102@mail.ru)

Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер

Аңдатпа. Мақалада ақиық ақын Мұқағали Мақатаев поэзиясында көрініс тапқан ұлттық мотивтер талданады. Мотив терминінің әдебиеттану саласына енуі жайлы сөз етіледі. Мұқағали поэзиясының көркемдік ерекшеліктері мен эстетикалық құндылықтарына айрықша мән беріледі. Ақын шығармашылығын мотивтік тұрғыда талдау - поэзияны жаңаша қырынан көруге, терең бойлап, сөз маржанынан сусындауға мүмкіндік береді. Мұқағали мұрасы ұрпақтан - ұрпаққа жалғаса беретін құнды қазына. Оның құндылығы - ұлттық мотивтердің көркем түрде берілуінде. Қазақтың рухани әлеміне бой алдырып, ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртып, поэзияға жаңа серпін берген Мұқағалидың орны бөлек. Мұқағалимен сырласа отырып, қазақ өзін таниды, өлеңнен өзін көреді. Жанды да, жансыз заттарды жандандырып, бір бейнеден екінші бейнені көру қабілетіне ие. Мұндай қабілетті Мұқағалидың бойынан көре білген зерттеушілердің пікірінен поэзиядағы ішкі сыр жайында қаншама ой түюге болады. Поэзиядағы ішкі сыр мен ақтарылған сезім – поэзияның шынайы көркем дүние екендігінен хабар береді. Ақынның құнды мұрасы бүгінде сөз құдіретін ұғатын қазақтың төрінде, поэзияның биік шыңында, ғылым қуған жастың ойында жүр.

Түйін сөздер: ақын, термин, поэзия, көркемдік, эстетика, ұлттық мотивтер

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-75-83>

Кіріспе. Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы мотивтерді айтқанда біз ең алдымен «мотив» ұғымын қарастырамыз. Мотив (moveo) – латын тілінен аударғанда «қозғаймын» деген ұғым береді. Ал әдебиеттану саласындағы мотив терминін сөз етпес бұрын мына мақалаға көз жүгіртіп аламыз. Филология ғылымдарының кандидаты Р.М. Әбдіқұлова «Мотив теориясының дамуы» атты мақаласында жан-жақты талдап, қазіргі кездегі қолданылуы жайлы ашып айтқан.

«Мотивке анықтама беруде көбінесе прозалық шығармаларға қатысты тұжырымдарды қарастырған. Өйткені, поэзияда қатысты зерттеулер орыс әдебиетінде болмаса, қазақ әдебиеттануында жоқтың қасы деуге болады. Дегенмен көркем шығарманы мотивтік тұрғыда талдауға байланысты тұжырымдардың әрқилылығы байқалады. Бұл мотив теориясының қалыптасып болмағандығын, мотивке нақты анықтама берудің қиындығын көрсетеді», - дей келе Р.М. Әбдіқұлова мотив туралы өз ойын төмендегідей түйіндеген: «Мәселен поэзиядағы «жалғыздық» мотиві орыс әдебиетінде А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов пен М.И. Цветаева лирикаларына қатысты зерттелгені белгілі. Жалғыздық мотиві Абайдан бергі ақындардың бәрінде де ұшырасатынына күмән тудырмайды. Бірақ, олардың мотивтік талдау тұрғысынан зерттелмегені белгілі. Мысалы, әр-алуан ақындардың шығармашылық жүйесінің түйісу тұстарын мотивтік талдау арқылы айқындау зерттеушілердің қызығушылығын тудырмайды. Біздіңше қазақ жалғыздық мотиві қазақ лирикасына қатысты арнайы сөз болған емес. Егер бұл мәселені қазақтың біртуар ақыны Мұқағали Мақатаев лирикасы тәңірегінде қарастырар болсақ, Мұқағали лирикасының философиялық мазмұнынан адамның жатсырауы мен жалғыздық мәселесі, өмірдің мәні, жақсылық пен жауыздықтың мәңгілік күресі, үндестік пен үйлесімсіздік мәселелері көрініс берері анық» [1, 53-54 б.].

Мотив тек әдебиеттануда ғана емес, тілтану, заң, психология және басқа ғылым салаларында кең қолданылады. Әдебиеттануда мотив мәселесін зерттеу айрықша маңызға ие болып тұр. Себебі, мотивтік тұрғыдан талдау көркем мәтінді жаңаша қырынан пайымдауға, атап айтқанда, оны нақты сипатында қарастыруға мүмкіндік бермек. Бірақ, мотивтің

әдебиеттану термині ретіндегі мән-маңызын айқындау оңай соқпайды. Ғұлама **Ахмет Байтұрсынов** мотив терминін арнайы қолданбағанымен, ауыз әдебиетіндегі мазмұны, мағынасы, қызметі жағынан мотивке жақын мәндегі ұғымдарды қарастырады: «**Сарындама (сарын сөз) саласы. Сарындама үш тарау: 1. Салт сөзі. 2. Ғұрып сөзі. 3. Қалып сөзі. Салт сарынымен, яғни салт жөнімен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады: мәселен, мысалдар, ділмәр сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер**» [2, 125 б.]. Сондай-ақ, **ғұрып сөзі** деп ғұрып сарынымен яғни ғұрып бойынша істелетін істерге байлаулы сөздер айтылады. Мәселен, той бастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жарапазан [2, 131 б.]. **Қалып сөзі** деп тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздерді айтады. Мәселен, бал ашқанда, ауру баққанда, бақсылардың жынын шақырғанда, тісті емдегенде, құрт шақыру, мал бәдік болғанда, адамға күләпсан шыққанда, бәдік ия күләпсан көшіру. Бала ұйықтатқанда айтатын бесік жыры – осылардың бәрі қалып сөздің табына жатады» [2, 138 б.].

Қазақ әдебиеттануында мотивті әдебиет пен фольклорға қатысты жүйелеу үрдісі қалыптасыптасуда. Оған мысал ретінде, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, А. Жақсылықов, Е.В. Корнеева, Ш.Сәтпаева, Н.И. Колодина, Ж. Сыдықова сияқты т.б. көптеген ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Мотив жайлы сөз еткенде, ең бірінші тарихи поэтиканың негізін салған А.Н. Веселовскийдің әйгілі «Историческая поэтика» еңбегіндегі тұжырымдарға сүйенеміз. Әдебиет теоретигі В.Е. Хализев: «*Так, А.Н. Веселовский в своей незавершенной «Поэтике сюжетов» говорил о мотиве как о простейшей, неделимой единице повествования, как о повторяющейся схематической формуле, лежащей в основу сюжетов (первоначально-мифа и сказки)*» [3, 266 б.], - деп жазды. А.Н. Веселовский, осындай мотивтердің әр-алуан тайпалар арасында туатындығын айта отырып, олардың біркелкі келетінін, не олардың ұқсастығын алмастырумен түсіндіруге болмайтындығын, керісінше олардың тұрмыстық тіршілік шарттары мен оларда қалыптасқан психикалық үдерістердің біртектілігімен түсіндіру керектігін ескертеді. Сондай-ақ, ғалым мотивтің мынадай қарапайым формуласын көрсетеді. «*a+b: жалмауыз кемпірдің сұлу қызды жек көруі, оған өміріне қәуіпті тапсырма беруі*». Осы формуланың әр бөлігінің түрін өзгертуге, әсіресе b-ның өсуге қабілетті екенін дәлелмен көрсетеді. А.Н. Веселовский тұжырымдауынша, *мотив өсіп, ұлғайып, сюжетке айналады, сюжет мотивтер жиынтығы* болып табылады [4, 301 б.]. Бұл айтылғандардан ғалымның мотив пен сюжетті тығыз байланыста қарастырғанын түсінуге болады. Мотив те, сюжет те тарих айналымына енеді: бұл ұлғайып отырған идеялық мазмұнды беру формалары. Осы талапқа жауап бере отырып, *сюжеттер вариацияланады, сюжетке бірнеше мотивтер кірігеді немесе сюжеттер бір-бірімен тоғысады* [4, 305 б.]. Түптеп келгенде *мотив сюжетпен тығыз байланысты, сюжет мотивтер жиынтығы*.

Әдеби мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен оқиға желісіндегі кезең болып табылады. Бірнеше жазушылардың шығармасында әртүрлі әдеби нұсқада, әр кезеңнің әдебиетінде белгілі бір нұсқалар қайталанып келіп отырды.

Мотив – әдеби термин ретінде А. Веселовский мен В.Я. Пропп еңбектерінде зерттеліп, қарастырылған. Бұл зерттеушілер әр елдің әдебиетіндегі бұрыннан қалыптасып келе жатқан, бір әдебиеттен екінші әдебиетке өтіп, бір дәуірден келесі дәуірге көшіп жүрген сюжеттік сарындар бар деп санады. Бірақ ұқсас сюжеттік сарындарды өз дәуірінің нақтылы шығармаларындағы көркемдік шешімінен, ұлттық әдеби процестен бөліп алып, жеке қарастыру ұтымды бола бермейтіндігін ескертті. Сәйкес келетін сарындар көбінесе өмірдің өзінен туындайтын, халықтың өмір-тұрмысындағы ұқсас жағдайлардың әдебиеттегі көрінісі деуге болады. Кейде мотивтер сараланып, іріктеліп, қалыптасып дәстүрлі сарындарға айналады. Шығарманың ішіндегі бір айшықтың жеке бір бөлігі сияқты болып та келеді. Мысалы, халық ауыз әдебиетінде кездесетін ғажайып айна, ақылсыз әйелдің бейнесі, әке мен бала арасындағы күрес, абжыланның ханшайымды ұрлап әкетуі тағы сол сияқты. Кейбір

жанрларда тұрақты сарындар, мотивтер ұшырасады. Мұндай сарындар кейде жеке тұрып, дараланып ашылады да, автордың өзіндік суреткерлік шеберлігімен, дүниетанымын, көркемдік шығарма құрылымы мен ұштастырылып қарастырылады.

Кейде мотив пен тақырып ұғымын бір деп қарайды. Мотивке сұлулық, ізгілік, ар, қорғаныш, махаббат, өлім секілді мәңгілік тақырыптарды жатқызады. Поэзиядағы мотивтердің мән-жайы әлі толық зерттеле қоймаған. Прозалық шығармаларда оқиғалы, драмалық туындыларда қайталанып келетін сюжетті мотивтер кездеседі. Олар жазушының жазу ерекшелігіне қарай, әртүрлі қайталанып отырады. Көптеген әдеби мотивтер мифологиямен бірге адамзат мәдениетінің рухани қазынасына келіп қосылады [5, 384 б.]. Әлем әдебиеттануында мотивтің мәні қаншалық кең болса, ол жөнінде қалыптасқан теориялық тұжырымдар соншалық қайшылықты деуге болады [5, 400-401 б.].

Шетелдік ғалымдар Р.Уэллдек, О.Уоррен «Теория литературы» еңбегінде: «*Сюжет әңгіме құрылымы ретінде өз кезегінде оқиға эпизодтары сияқты құрылымдық компоненттерден тұрады. Ірі шығармалар, көп құрамды әдеби құрылымдар (трагедия, эпос, роман) афоризм, әзіл-ысқақ, хат сияқты қарапайым формалардан дамыды; пьеса немесе романдар осылайша құрылымның құрылымын білдіреді. Орыс формалистері мен Германиядағы формальды талдаудың жақтаушылары «мотив» - сюжеттің қарапайым компоненті деп түсіндірді*» [6, 234 б.]. Мотивті шығарма фабуласының элементі ретінде қарастырады, фабуланы барлық мотивтер жиынтығы деп пайымдайды. Белгілі орыс ғалымдары В.И.Тюпа мен Е.К. Ромодановская: «**Мотив – это прежде всего повтор. Но повтор не лексический, а функционально-семантический**», - деп жазады [7, 15 б.]. Б.В. Томашевский, Р. Уэллдек, О. Уоррен мотив пен леймотивтің («**леймотив**» - неміс термині - *жетекші мотив* деген мағына) тығыз байланыстылығын ескертеді. Леймотив деп бір шығарма ішіндегі қайталауды айтуға болады. Ол мәтіннің қандай да бір компонентін күшейтуге қызмет етеді.

Қорыта келгенде, мотив сюжет құраудың негізі, композиция түзуде белсенді қызмет атқарады, мотив оқиға барысымен, кейіпкер әрекеттерімен, сезім құбылыстарымен, салт нұсқаларымен тығыз байланыста болады. Поэзиядағы мотивтерге, соның ішіндегі ұлттық сарындарға ерекше назар аудару керек. Себебі кез-келген поэзияда өмір шындығынан үзік сырлар шертіледі. Ақынның сезім күйі ақтарылып шығатын туындыда ұлттық таным сипатталады. Ол кез-келген ұлтқа тән дүние. Өз елінің салт-дәстүрін дәріптеп, соны асқақтата жырлап, шешен сөзбен өрнектеп жеткізу Мұқағалиға тән қасиеттердің бірі болмақ.

Зерттеу барысында біздің қарастыратынымыз Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер. Поэзиядағы мотив ұғымын анықтау, тереңірек түсіну мақсатында алынған тақырып. Барлық лирикалық шығармаларда жатсырау, жалғыздық, жақсылық пен жауыздықтың күресу сарындары кездеседі. Алайда Мұқағалида мұндай сарындар ерекшеленіп, ұлттық сипатта нақышталып берілген. Көркем әдебиеттің эстетикалық шарттарының бірі – реалдық өмірдің шындық бейнесін көрсету болып табылады. Сол көріністер – туған жер, ауыл өмірі, адамдар тағдыры, туыс, бауыр, өз болмысымен, өзіндік таным ұлттық психологиясымен айқындалады.

«Мұқағали ұлт ақыны. Уақыттың өзі мойындап жыр тарланын лайықты тұғырына көтеруі де сондықтан. Бойға біткен табиғи дарынына қоса орыс пен Еуропа классиктерін қанып оқып, тынымсыз ізденген ақын болмысы ішкі әлемін қанша байытқанымен, қазақы сипатын соншалықты өзгерткен емес. Қайта алған мол білімнің арқасында өз поэзиясын әрлендіріп, күллі адамзатқа ортақ әлемдік үлгілермен жаңғыртты» [8, 60 б.] -деп, Қ. Алпысбаев атап көрсеткендей, Мұқағали қай тақырыпқа жазбасын ұлттық сарын жоғалмайды, керісінше ұлттық сипатымен ерекшеленіп тұрады.

М. Мақатаевтың кез-келген өлеңінен ұлттық болмыс айқын көрінеді. Ал, ұлттық бояуы әсіресе терең көрінетін ақынның «Беташар», «Тау өзені», «Жігіттер мақтанбалық», «Наурыз айы туғанда» тағы басқа көптеген өлеңдерінің ұлттық сипатын тануда, оны жаңа көркемдік биікке көтеруі жан-жақты сөз болады.

«Беташар» өлеңі – қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері сақталып келе жатқан ауыл көрінісі. Қыздарға жаулық жауып, шаңырақ көтерген жастар, жалғыз әкенің ұлы жалғыз атын сойдырып той жасауы, оның өзі бәсіре жалғыз көк тай еді, әжесі қуанып көзіне жас алды, ертесі соғыс басталды. Осы өлеңде берілген сюжет ұлттың өмірін көрсеткен. Мұндағы ұлттық мотивтер: боз жаулық жауу, шаңырақ көтеру, атын сою, бәсіре. Қазақ халқының салт-дәстүрі, өмір тынысы. Шынайы өмір бейнесі көркем суреттелген.

«Тау өзені» өлеңінде бала шопан мен қарт шопанның әрекеті берілген. Мал бағу - қазақтың ата кәсібі екенін, оның да қыр-сыры болатынын көрсеткен. Көшпенді халық ертеден - ақ табиғатты түсініп, малдың бабын таба білген. Шалдың әрекетінен де мал жанын түсінгенін, суды өзі кешіп өтіп жол көрсеткені, тоқпақтап ұрмай, ақылмен судан алып өткені көрінеді. Табиғатқа, жан-жануарларға жанашыр болу, адамгершілік көзқараста болуды көздейді.

«Наурыз айы туғанда» өлеңінде Наурыз тойының тойлануы жайлы әсем де, көркем суреттелген. Наурызды қазақ халқының ерекше атап өтетіндігін, ақ молайып, құт-береке кіретін жыл басы деп санағанын, адамдар бір-бірімен көрісіп, бір үй бір үйді қонаққа шақырып, сапарға кеткен ұлдарға сыбаға сақтап қоятындығы жайлы айтылған. Бұл өлең жолдарындағы ұлттық сарындар: «Наурызды тойлау», «сыбаға сақтау», «көрісу», берекелі ас «наурыз көже» пісіру. Наурыз – жыл басы. Бұл кезде күн ұзарады. Осынау шуақты әрі батпай ұзақ тұратын көктем күнін қазақтар қадірлеп «Ұзынсары» деп атаған. Оның мағынасы терең - «ұлыстың Ұлы күні» деген сөз. Бұл күнді тойлау – халқымыздың ежелгі салты. Наурыз тойының мақсаты – қыстан қымтырылып әрең шыққан халыққа тоқшылық, молшылық тілеу. Сол үшін тқазан-қазан наурыз көже жасайды:

*Шашылып ырыс шанақтан,
Шақырып бір үй, бір үйді,
Шаттанушы еді бір игі.*

Наурыздың қазақ үшін маңызы зор мереке екенін көркем жеткізе білген. Мұқағалидың «Наурыз айы туғанда» өлеңіне ән жазылып, ол ән әлі күнге дейін наурыз тойында айтылып жүрген ұран іспетті маңызын жоймаған.

Ақынның «Ақ кимешек көрінсе» атты өлеңінде әжесінің өзімен бірге жүргенін, оны ешуақытта өліге телімегенін, ақ кимешек киген әжелерді көргенде өз әжесін көргендей сезімде болатынын жеткізген. Асыл әжелеріміздің мейірімге толы жанары ақ кимешектің астында салтанат құрып тұрғандай. Әже көркіне көрік қосып, дидарын ашып, өмірдегі әже рөлін айшықтап тұрғандай кейіпте көрінген. Әжесінің бойындағы ұлы қасиеттерді қастерлеп жеткізген. Мысалы, өз жұртының дәстүрін күзетуді бабаларынан алып қалған, оны қия өтпейді. Бар ықыласымен ұлттық дәстүрді сақтап, кейінгі ұрпағына мұра етіп қалдырып отырған қасиетті жанның бейнесі.

Мұқағали жырлаған «ақ кимешек» ұлттық таным, ұлт мәдениетінің тағылымы, салт-дәстүрді жоғалтпай ұстап қалуды көздейді. Өлеңдері арқылы ұрпаққа ізгі дәстүрді үлгі ете білген. Оның жоғалып кетпеуін қадағалаған.

Қазіргі заманда сирек кездесетін осы көріністі ұлттық сананың өшіп бара жатқандығынан көреді. Сол салтымызды өшірмей өлеңмен өріп, санамызда жаңғыртып береді.

*Ақ кимешек көрінсе сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса... нені көрем?*

Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрге деген кимастық сезім баураған ақынның жан айқайы естіледі. Ақ кимешек жоғалмай, әжелердің сәніне айналып жүре бергенін қалайды. Әрбір азамат ұлтын сүйіп, дәстүрін жоғалтпай, қастерлеп жүрсе, сонда ғана мәдениетіміз өркендеп, үлгілі ел қатарынан көрінеміз. Міне осындай бір ғана «ақ кимешек» арқылы өмірлік мәселе қозғалып отыр. Оның өзі ұлттық бояу да, ұлттық сипатта көрініс табады. Көркем өнердегі эстетикалық ұғым мінез, адамгершілік қасиеттердің көрінісінен байқалады.

«Адам жаны – күй сандық. Поэзияның оған тіл бітіретін сиқырлылығы – адам бойындағы не асыл, аяулы, асқақ сезімдердің пернесін баса білетіндігінде болса керек» [9,167] -деп, Ш. Елеуенов тауып айтқан. Мұқағали адам жанының диалектикасына терең бойлап, оның болмысын шынайы бедерлейді.

Поэзияның озық үлгісін Мұқағали мұраларынан аламыз. Ақынның рухы асқақ, ұлттық танымы кең, өлең өрүдегі өресі биік. Ұлтын сүйген ұлы ақынның поэзиясы да ұлтымен бірге мәңгі жасай бермек. Ол құндылықтар адамзат тіршілігімен ұштасып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып жүре беретін, өлмейтін, өшпейтін баға жетпес, рухани мұра.

«Сүрейік өмір алмасып» деген өлеңінде ақын жанын қайыңмен егіздей суреттейді. Өлең табиғатында қазақ поэзиясымен жақындығы бар сияқты. Жалпы қайың мотивін поэзияда қолдану орыс әдебиетінен бастау алды десек қателеспеспіз. Ол қазақ халқының поэзиясында қайың кездеспейді деген сөз емес, тек қайыңды негізгі объект ретінде қарастырмайды. Мұқағали ақынға дейін қайың лирикада кездесе де, жалпы фон қызметін атқарса, Мұқағали ақын тікелей объект пен субъект ретінде қайыңмен сырласады. Ақын жас қайыңға келіп, жүректерімен алмасуды сұрай бастайды. Тәуекел етіп, өмірді қайың көзімен қарасам, қайыңның адам көзімен қарауын сұрайды. Оған біз мынадай жолдарынан көз жеткізе аламыз:

*Көрінер, мүмкін, кімге ерсі,
Өміріңді маған бір берші!
Дүрбелең мына дүниені,
Адам көзімен бір көрші !.*

Осы ретте ф.ғ.д., профессор Құныпия Алпысбаев: «Біз ХХ ғасырдың соңғы жылдарындағы өлең өресінің өлшемін көбіне көп, Мұқағали сөздерінен іздеуіміздің бір жұмбағы осы өлеңде жатыр-ау деп ойлаймын. Өз өмірінен өзгенің қалпын көру дарыны – екінің мандайына жазыла бермейтін құбылыс.» - деп баға берді. [10, 181 б.].

Мұқағали Мақатаев поэзия әлемінде еркін шарықтаған мұзбалақ ақын. Оның өзіне қойған талабы да жоғары, талғамы да биік болды. Биік шыңның басында ұлттық рух тұрды. Ақынның адам мен заман, туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтау жолында өз жыр күмбезін орнатып кеткеніне тарих куә. Ақын өз өміріне ақиқат пен сенімді серік ете жүріп, халқына қызмет еткен. Біз қай өлеңдерін қарасақ та, одан ұлттық сарынды көреміз. Бұл дегеніміз ұлттық танымның жемісі:

*Қазақтың қара өлеңі - құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.*

Мұқағали үшін қара өлең – ұлы құдірет. Онда сыры да , мұңы да , үкілі өлеңмен өрнектелген ғұмыры да жатыр. Өлеңдері нағыз ұлттық нақышта, ешбір бөтен сөзбен былғанбай берілген.

*Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын...*

Өлеңдегі күпі мен шекпеннің мағынасына үңіліп көрейік: күпі – матамен тысталған түйе мен қой жүндерінен жасалған сырт киім. Мұны көбінесе үй шаруашылығына пайдаланған. Шекпен – иірілген жүннен өрмекпен тоқылған сырт киім. Осыдан-ақ көз алдымызға ескі күпі киіп жүрген жұпыны қазаққа, оюлы, әсем шекпен кигізіп тұрғаны көз алдымызға елестейді. Сол секілді қазақтың рухани өмірін жаңарту, байыту мақсатын көздеген. Қазақты жанымен сүйіп, жүрегімен қабылдаған. Сол үшін өмірін сарп еткен ақын қазақи болмыстан айнымаған. Мұндай көрініс ақынның туған жерге арнап жазған өлеңдерінде анық көрінеді. Ақын замандастарына туған жердің топырағын иіскеп, киелі қасиетіне бас иіп жүруді тапсырады. Онысы неткен орынды тілек, неткен назды сезім. Ақынның «Туған

жер» өлеңінде: ұлан-ғайыр, кең алқапты алып жатқан ұлы даламызды аман сақтап қалу жолында жанын аямаған батырларымыз, олардың жауға қарсы күресуге баптап мінген тұлпарларының дүбірі естіліп тұрғандай күй кешеміз. Мұның бәрі тек қазаққа ғана тән. Қазақ даласындағы махаббаттың символы ретінде «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» хикаясы көз алдында көрініс табады.

«Қолаң қара шашың – ай күн қақтаған!» өлеңінде қазақ қызының бейнесін, туған жерге деген сағынышын жеткізе отырып келтірген. Мұқағали қолаң шашты қызға қарап тұрып туған жердің табиғатын, дәннің, шалғынның, қырдың, қырманның, жаңбырдың, аптаптың, аңызақтың, тандырдың иісі кеп тұрғандай суреттейді. Сол сәтте ауылда тұрғандай сезімде боласың. Бір бейнеге қарап тұрып, екінші бейнені көркем жеткізу де Мұқағалиға тән қасиет. Мұндағы ұлттық мотив күн қақтаған «қолаң шаш» арқылы көрінген ауыл тіршілігі. Ондағы қимылдап жатқан жанды-жансыз заттар, табиғат көрінісі. Сол шашта туған жердің иісі бар. Елден жырақ кетіп, алыста туған жерді аңсап жүрген ақынның қыздың қолаң шашына қарап-ақ, бүкіл ауыл тіршілігін көркем етіп, өлең жолдарына арқау етуі.

*Қарғам, сенде жерімнің иісі бар-ау,
Жер иісі жұпардан қымбат маған!*

Оның поэзиясында табиғат жай сурет, көрініс ғана емес, өмірдей, өзіндей жанды, сезімтал. Соның үшін ақын Алатауға мұң шағады, жас қайыңнан өзіне терең сырлас табады, жапырақты жүрекке теңейді, мергеннің оғына іліккен аққу мен киікке жаны ауырады... Жаратылыстағы нәрсенің барлығын жатсынбау, мейірбан көзбен қарау – гуманизмнің белгісі. Жанды да жансыз көрінген заттан сыр баққан ақын үшін жарық дүниенің тұтас поэтикалық мазмұнға айналуы да заңды болар» - деген пікір білдіріп, тұжырымдайды Е.Е. Тілешев [11, 208 б.].

